



АСА маңызды!!!!

БОСАҒАН БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ

БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Құрметті студенттер!

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығымен бекітілген жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімді "бакалавр" немесе "магистр" дәрежесімен төлеуге арналған білім беру грантын тағайындау қағидаларына сәйкес, жоғары білім алу процесінде босап қалған білім беру гранттары білім беру бағдарламалары топтары бөлінісінде осы білім беру бағдарламасы бойынша ақылы негізде оқып жатқан білім алушыларға конкурстық негізде тағайындалады.

Жоғары білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын тағайындау каникул кезеңінде, аралық аттестаттау нәтижелері бойынша, оқу кезеңі ішінде жиналған GPA (академиялық үлгерімнің орташа балы) негізінде конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Босаған білім беру грантын алуға байқау жүргізу кезінде үлгерімнің орташа балының көрсеткіші бірдей болған жағдайда оқудың барлық мерзімі бойынша тек А,А- («өте жақсы»), одан соң А, А- («өте жақсы») бастап В+, В, В-, С+ («жақсы»), ары қарай аралас бағалары бар үміткерге беріледі.

Жоғары білім алу процесінде босап қалған ваканттық білім беру гранттарын тағайындау рәсімі келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- Ақылы негізде білім алатын студент университеттің Басқарма төрағасы – ректорының атына өзінің GPA балының ашық қолжетімділікте жариялануына келісімін көрсете отырып, оны мемлекеттік білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға ауыстыру туралы өтініш пен жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тіркеп, тіркеу офисіне ұсынады. Оқу кезеңі бойынша транскриптті тіркеу офисі ұсынады;
- Университет бос білім беру гранттарына үміткерлер тізімін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне жолдайды.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

1. Білім алушының ақылы негізде ЖОО ректорының атына GPA балын ашық қолжетімділікте жариялауға келісімін көрсете отырып білім беру грантын беру конкурсына қатысуға өтініші;

2. Студенттің транскрипті;

3. Студенттің жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі.

**Қазақ ұлттық су шаруашылығы және иррогация университетінің
жоғары білім алу процесінде грант бойынша босатылған бос орындары**

БАКАЛАВР

(07.07.2026 жылға)

№	Білім беру бағдарламаларының тобы	Код / Білім беру бағдарламасы	Қабылдау жылы	Орын саны	Топтағы білім бағдарламалары
1	B176 - Гидротехникалық құрылыс және су ресурстарын басқару	6B07302 - Гидротехникалық құрылыс және құрылымдар	2025	2	6B07302 Гидротехникалық құрылыс және құрылымдар
2	B175 - Сумен қамтамасыз ету және суды бұру	6B07301 - Елді мекендерді сумен қамтамасыз ету және суды бұру	2025	2	6B07301 - Елді мекендерді сумен қамтамасыз ету және суды бұру
3	B071 - Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	6B07216 - Мұнай-газ инженериясы 6B07217 - Мұнай және газды тасымалдау	2025	2	6B07216 - Мұнай-газ инженериясы 6B07217 - Мұнай және газды тасымалдау 6B07221 - Тау-кен ісі
4	B073- Архитектура	6B07317 - Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың сәулеті	2025	9	6B07317 - Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың сәулеті 6B07318 - Қалалық орта сәулеті

5	В077 - Өсімдік шаруашылығы	6В08112 - Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	2025	1	6В08112 - Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы 6В08111 - Агроөнеркәсіптік кешенде өсімдіктерді қорғау және диагностикалау
6	В082 - Су ресурстары және су пайдалану	6В08612 – Мелиорация және суғармалы егіншілік 6В08615 - Су ресурстарын басқару	2025	2	6В08612 – Мелиорация және суғармалы егіншілік 6В08615 - Су ресурстарын басқару
7	В065 - Автокөлік құралдары	6В07111 - Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы	2025	1	6В07111 - Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы
8	В074 - Қала құрылысы, құрылыс жұмыстарына және азаматтық құрылыс	6В07316 - Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	2025	1	6В07303 - Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау 6В07316 - Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану 6В07320 - Бетон және керамикалық материалдарды өндіру
9	В173 – Гидромелиорация	6В07321- Гидротехникалық мелиорация	2025	1	6В07321-Гидротехникалық мелиорация
Түскен жылы_2025 - 21 орын					
1	В074 - Қала құрылысы, құрылыс жұмыстарына	6В07316 - Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	2024	1	6В07303 - Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау 6В07316 - Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану

	және азаматтық құрылыс				6B07320 - Бетон және керамикалық материалдарды өндіру
2	B082 - Су ресурстары және су пайдалану	6B08615 - Су ресурстарын басқару	2024	7	6B08615 - Су ресурстарын басқару 6B08612 – Мелиорация және суғармалы егіншілік
3	B071 - Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	6B07221 - Тау-кен ісі	2024	2	6B07221 - Тау-кен ісі 6B07217 - Мұнай және газды тасымалдау 6B07216 - Мұнай-газ инженериясы
4	B062 - Электротехника және энергетика	6B07113 - Электромеханика	2024	5	6B07113 - Электромеханика 6B07114 - Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен азаматтық объектілерді электрмен жабдықтау
5	B073 - Архитектура	6B07318 - Қалалық орта сәулеті	2024	10	6B07317 - Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың сәулеті 6B07318 - Қалалық орта сәулеті
6	B075- Кадастр және жерге орналастыру	6B07312 - Жерге орналастыру	2024	1	6B07311 - Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті бағалау 6B07312 - Жерге орналастыру
Түскен жылы_2024 - 26 орын					
1	B077 - Өсімдік шаруашылығы	6B08112 - Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	2023	1	6B08112 - Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы 6B08111 - Агроөнеркәсіптік кешенде өсімдіктерді қорғау және диагностикалау
2	B065 - Автокөлік құралдары	6B07111 - Автомобильдер және автомобиль	2023	3	6B07111 - Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы

		шаруашылығы			
3	В074 - Қала құрылысы, құрылыс жұмыстарына және азаматтық құрылыс	6В07316 - Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	2023	3	6В07303 - Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау 6В07316 - Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану 6В07320 - Бетон және керамикалық материалдарды өндіру
4	В071 - Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	6В07216 - Мұнай-газ инженериясы	2023	3	6В07216 - Мұнай-газ инженериясы 6В07217 - Мұнай және газды тасымалдау 6В07221 - Тау-кен ісі
5	В051- Қоршаған орта	6В05212 - Өнеркәсіптік мекемелердің экологиясы	2023	1	6В05213 - Экология және табиғатты пайдалану 6В05212 - Өнеркәсіптік мекемелердің экологиясы
6	В062 - Электротехника және энергетика	6В07113 - Электромеханика	2023	3	6В07113 - Электромеханика 6В07114 - Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен азаматтық объектілерді электрмен жабдықтау
7	В073 - Архитектура	6В07318 - Қалалық орта сәулеті	2023	7	6В07317 - Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың сәулеті 6В07318 - Қалалық орта сәулеті
8	В176 - Гидротехникалық құрылыс және су ресурстарын басқару	6В07302 - Гидротехникалық құрылыс және құрылымдар	2023	3	6В07302 Гидротехникалық құрылыс және құрылымдар
9	В082 - Су ресурстары	6В08615 - Су ресурстарын басқару	2023	1	6В08612 – Мелиорация және суғармалы егіншілік 6В08615 - Су ресурстарын басқару

	және су пайдалану				
Түскен жылы_2023 - 25 орын					
1	В073 - Архитектура	6В07317 - Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың сәулеті	2022	1	6В07317 - Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың сәулеті 6В07318 - Қалалық орта сәулеті
Түскен жылы_2022 - 1 орын					

Барлығы университет бойынша вакант грант –73 орын

Назар аударыңыздар! Грант иегерлерінің (оның ішінде бос гранттар) назарларына!

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығына сәйкес:

Заңның 26-бабының 8-тармағының 3) тармақшасында белгіленген квота шегінде педагогикалық, медициналық, ветеринариялық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) бітіргеннен кейін меншік нысанына қарамастан, ауылдық жерде орналасқан тиісінше білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарында, ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінде, ветеринария ұйымдарында, аграрлық бейіндегі ұйымдарда кемінде үш жыл жұмыспен өтейді.

Заңның 26-бабы 8-тармағының 6) тармақшасында белгіленген квота шегінде педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары тізбесі "Қандастар мен

қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірлерді айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 83 қаулысында айқындалған қоныс аударуға арналған өңірлерде ЖЖОКБҰ-ны бітіргеннен кейін кемінде екі жыл жұмыс істейді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық және медициналық мамандықтарға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары ЖЖОКБҰ-ны немесе денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарды (бұдан әрі - ДССҒҰ) бітіргеннен кейін кемінде үш жыл тиісінше білім беру ұйымдарында және денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыспен өтейді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде басқа мамандықтар бойынша білім алған Қазақстан Республикасының азаматтары ЖЖОКБҰ-ны бітіргеннен кейін кемінде үш жыл меншік нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыспен өтейді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бейіні бойынша доктор бағдарламасы бойынша докторантурада білім алған Қазақстан Республикасының азаматтары оқуды аяқтағаннан кейін кемінде үш жыл мемлекеттік органдарда немесе ЖЖОКБҰ-да немесе ғылыми ұйымдарда жұмыспен өтейді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары оқуды аяқтағаннан кейін кемінде үш жыл ЖЖОКБҰ-да немесе ғылыми ұйымдарда жұмыспен өтейді.

Қазақ ұлттық су шаруашылығы және
иррогация Басқарма төрағасы – Ректор
К.М.Тусуповаға

/білім беру бағдарламаның аталуы және
шифры/

/мамандығының/ББ-ның/

/тобы/

студенті _____

/аты-жөні толық жазылсын/

азаматтығы _____

/байланыс телефоны/

/қолы/

« _____ » _____ 20__ ж.

ӨТІНІШ

Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға және ол бойынша одан әрі білім алуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Менің GPA ұпайымды ашық түрде жариялауға келісемін.

Транскрипт тіркелген.

« _____ » _____ 2026 ж.

(қолы)